

## **«Балташылық және ағаш жұмыстар» кәсіптік стандарты**

### **1. Жалпы ережеелер**

1. «Балташылық және ағаш жұмыстары» кәсіптік стандарты білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, қызметкерлер мен білім беру мекемелерінің түлектерін сертификаттауға, персоналды басқару саласындағы кең ауқымды мәселелерді шешуге арналған.

2. Осы кәсіптік стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

біліктілік – қызметкердің нақты еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болу деңгейі;

біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметінің стандарттан басқа болуы, жауапкершілігі және дербестігі бойынша сараланатын қызметкерлер дайындығы мен құзыреттілігіне қатысты талаптар жиынтығы;

ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

ұлттық біліктілік жүйесі (ҰБЖ) – еңбек нарығы тарапынан мамандар біліктілігіне деген сұраныс пен ұсыныстарды құқықтық және институционалды реттеу тетіктерінің жиынтығы;

салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

сала/негізгі топ - бір типті өнім құруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

кәсіби топ – ортақ интеграциялық негізі бар (ұқсас немесе жақын мақсаттар, объектілер, технологиялар, сондай-ақ еңбек құралдары) және оларды орындау үшін еңбек міндеттері мен құзыреттілігінің ұқсас жинағын болжайтын шағын топтар жиынтығы;

кәсіби шағын топтар – еңбек міндеттерінің тұтас жинағымен және оларды орындауға қажетті құзыреттіліктермен қалыптасқан, мамандықтар жиынтығы;

кәсіптік стандарт бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын кәсіптік стандарттың құрылымдық элементі;

кәсіп – білімі туралы тиісті құжатпен расталатын және арнайы дайындықтың нәтижесінде пайда болған арнайы білім, білік мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін адам еңбегі қызметінің негізгі түрі;

еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

БТБА – Жұмыс және жұмысшылар кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы.

## 2. Кәсіптік стандарт паспорты

3. Кәсіптік стандарттың атауы: Балташылық және ағаш жұмыстары.

4. Кәсіптік стандартты әзірлеу мақсаты: Осы кәсіби шағын топтың кәсіптер тізбесін жасау және анықталған кәсіптер үшін кәсіп карточкаларын әзірлеу.

5. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Балташылық және ағаш жұмыстары ағаштан және басқа материалдардан жасалған есіктерді (автоматты және айналма есіктерден басқа), терезелерді, есік пен терезе жақтауларын орнатуды, құрама асүй гарнитурларын, кіріктіріме шкафтарды, басқыш алаңын, сауда жабдықтарын монтаждауды және төбелердің, жылжымалы арақабырғалардың ішкі әрлеуін қамтиды.

6. Негізгі топ: Мамандырылған құрылыс жұмыстары.

Кәсіби топ: Құрылыс, монтаж және құрылыс жөндеу жұмыстары (жұмыста).

## 3. Кәсіп карточкалары

7. Кәсіптер тізбесі:

ағаш шебері, СБШ бойынша 3 біліктілік деңгей;

құрылыс ағаш шебері, СБШ бойынша 3 біліктілік деңгей;

балташы, СБШ бойынша 3 біліктілік деңгей;

Кәсіп карточкалары осы Кәсіптік стандарттың қосымшасында келтірілген.

<b>КӘСІП КАРТОЧКАСЫ «Ағаш шебері»</b>	
Кәсіп коды	7124
Кәсіп атауы	Ағаш шебері
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	2-6
Кәсіби білім деңгейі	<b>СБШ-ның 3-деңгейі</b>
	Жалпы орта білім немесе жалпы орта білім негізінде техникалық және кәсіптік білімі болғанда кәсіби дайындық (білім беру мекемесі негізінде кәсіби дайындық бағдарламасы бойынша бір жылға дейінгі курстар немесе кәсіпорындағы оқыту курстары)
Еңбек функциялары	1) Ағаш жұмыстарын орындау
Еңбек функциясы 1	<b>СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разряды: 2-6)</b>
Ағаш жұмыстарын орындау	<b>Біліктері мен дағдылары:</b>
	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жеңіл ағаш жұмыстарын орындау.</li> <li>2. Қарапайым профильді қапталмаған қырлы бөлшектерді қолмен сүргілеу.</li> <li>3. Металл бекіткіштердегі жақтауларды жинақтау.</li> <li>4. Шканттарды желімге отырғызу.</li> <li>5. Массивтен жасалған бөлшектерді аққан желімнен тазарту.</li> <li>6. Бөлшектер мен қалқандарды бракка шығарып желім жағу.</li> <li>7. Бұйымдарға қаптауға арналған материалды жапсыру.</li> <li>8. Шере иен қылқан жапырақты ағаштың кесектерін жапсыру.</li> </ol>
	<b>Білімі:</b>
	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бөлшектерді өңдеуге арналған техникалық жағдайлар.</li> <li>2. Бөлшектерді сүргілеу, тазарту және желім жағу кезінде жұмысты қабылдау.</li> <li>3. Жұмыс сапасына қойылатын негізгі талаптар.</li> <li>4. Желім түрлері және оларды дайындау тәсілдері.</li> <li>5. Механикалық ваймдардың құрылымы.</li> </ol>

	6. Құралды, үлгілер мен құрылғыларды дайындау ережелері. 7. Ағаштың негізгі түрлері мен оның кемістіктері. 8. Өрт, техникалық қауіпсіздік ережелері.	
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Командада жұмыс істей білу Тыңғылықтылық	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	7124	Балташы
	7124	Құрылыс ағаш шебері
<b>КӘСІП КАРТОЧКАСЫ «Құрылыс ағаш шебері»</b>		
Кәсіп коды	7124	
Кәсіп атауы	Құрылыс ағаш шебері	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3	
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	2-6	
Кәсіби білім деңгейі	<b>СБШ-ның 3-деңгейі</b>	
	Жалпы орта білім немесе жалпы орта білім негізінде техникалық және кәсіптік білімі болғанда кәсіби дайындық (білім беру мекемесі негізінде кәсіби дайындық бағдарламасы бойынша бір жылға дейінгі курстар немесе кәсіпорындағы оқыту курстары)	
	1) Жалпықұрылыстық жұмыстарды жасаған кезде ағаш жұмыстарын орындау.	
Еңбек функциясы 1	<b>СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разряды: 2-6)</b>	
Жалпықұрылыстық жұмыстарды жасаған кезде ағаш жұмыстарын орындау.	<b>Біліктері мен дағдылары:</b>	
	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кесілген ағаш материалдарын іріктеу және сұрыптау.</li> <li>2. Ағаш бұйымдар үшін көлемі бойынша қолмен үстірікпен сүргілеп, арамен бойлай және көлденең кесіп кесектер дайындау.</li> <li>3. Ағашты электрленген құралмен және қолмен өңдеу.</li> <li>4. Қарапайым ағаш бұйымдарын дайындау және орнату.</li> <li>5. Тура сызықты ағаш тәжін, қарапайым профильді тура сызықты тұтқаны қолмен дайындау және орнату.</li> <li>6. Тұтқа айналмаларын дайындау және орнату.</li> <li>7. Механикаландырылған құралды қолданып немесе қолмен ағаш бұйымдарының тура сызықты дайындамаларын дайындау.</li> <li>8. Жартылай циркульді жақтаулар мен қораптарды дайындау, жинақтау және орнату.</li> <li>9. Күрделі әшекейлі және сызбаүлгілік тұтқаларды, еденкемерлерді, маңдайшаларды, балясиндерді,</li> </ol>	

	<p>ернеулерді және ағаштың қатты және бағалы түрлерінен жасалған басқа бұйымдарды жасау, орнату және қалпына келтіріп жөндеу.</p> <p>10. Механикалық өңдеуден кейін бөлшектерді тазарту.</p> <p>11. Жапсарма терезе және есік құралдарын орнына қиыстыра келтіріп орнату.</p> <p>12. Күрделі ойып орнатылған және жартылай ойып орнатылған құралдарды (тесіп өтетін сұқпатиектер, фрамуга құралдары, айналма тұтқасы бар және автоматты құлыптар және т.б.) орнына қиыстыра келтіріп орнату.</p>	
	<b>Білімі:</b>	
	<p>1. Ағаштың негізгі түрлері және кемістіктері.</p> <p>2. Қатты ағаш түрлерінің қасиеттері мен олардың өңдеу тәсілдері.</p> <p>3. Қатты және бағалы ағаш түрлерінің қасиеттері.</p> <p>4. Қолмен және механикаландырылған құралды қолданып ағаш бұйымдарын дайындау тәсілдері.</p> <p>5. Электрленген құралды қолдану ережелері.</p> <p>6. Ағаш бұйымдар элементтерінің түйісулерін және жинақталуын дайындау тәсілдері.</p> <p>7. Ағаштың жекеленген жерлерін бітеу тәсілдері.</p> <p>8. Ағаш бұйымдарды дайындау, жинақтау, жөндеу және орнату тәсілдері.</p> <p>9. Күрделі ағаш бұйымдарды дайындау, қиыстырып келтіру және ілу тәсілдері.</p> <p>10. Күрделі ағаш бұйымдарды дайындау, орнату және жөндеу тәсілдері.</p>	
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Командада жұмыс істей білу Тыңғылықтылық	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	7124 7124	Балташы Ағаш шебері
<b>КӘСІП КАРТОЧКАСЫ «Балташы»</b>		
Кәсіп коды	7124	
Кәсіп атауы	Балташы	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3	
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	2-7	
	<b>СБШ-ның 3-деңгейі</b>	
Кәсіби білім деңгейі	Жалпы орта білім немесе жалпы орта білім негізінде техникалық және кәсіптік білімі болғанда кәсіби дайындық (білім беру мекемесі негізінде кәсіби дайындық бағдарламасы бойынша бір жылға дейінгі курстар немесе кәсіпорындағы оқыту курстары)	

Еңбек функциялары	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) Қарапайым балташылық және қалыптау жұмыстарын орындау.</li> <li>2) Қалыптау жұмыстарын орындау.</li> <li>3) Жалпықұрылыстық жұмыстарды орындау.</li> <li>4) Балташылық жұмыстарды орындау.</li> </ol>
<p>Еңбек функциясы 1</p> <p>Қарапайым балташылық және қалыптау жұмыстарын орындау.</p>	<p style="text-align: center;"><b>СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разряды: 2-7)</b></p> <p><b>Біліктері мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ағаш материалдарды қолмен қарапайым өңдеу: арамен көлденең кесу, ағаштың қабығын аршу, жону.</li> <li>2. Төсеме төбені және қорама қалыпты майлау.</li> <li>3. Ағаш конструкциялар мен бөлшектерге антисептикалық және оттан қорғау құрамдарын жаққышпен жағу.</li> <li>4. Іргетастың қорама қалыптарын, қабырғалар мен арақабырғаларды, дуалдарды, көпіршелер мен төсемдерді бұзып алу.</li> <li>5. Едендерді, тақаларды, төсеме төбелерді, дуал қабырғаларын бұзып алу.</li> </ol> <p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ағаш материалдардың негізгі түрлері және ағаштың қасиеттері.</li> <li>2. Ағаш материалдарын тұрпайы өңдеу тәсілдері</li> <li>3. Антисептикалық және оттан қорғау құрамдарын қолдану ережелері және оларды ағаш бөлшектер мен конструкцияларға жағу тәсілдері.</li> <li>4. Қарапайым ағаш конструкцияларды бөлшектеу және оларды тазарту тәсілдері.</li> <li>5. Массасы аз жүктердің орнын ауыстыру және қоймаға салу ережелері.</li> <li>6. Өрт, техникалық қауіпсіздігі ережелері.</li> </ol>
<p>Еңбек функциясы 2</p> <p>Қалыптау жұмыстарын орындау.</p>	<p><b>Біліктері мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қалқанның тура сызықты кескіні бар қорама қалыбын (тікбұрышты және қиғашбұрышты) және қорама қалыптың барлық түрлерінің тура сызықты элементтерін дайындау және жөндеу.</li> <li>2. Ұзартпай қорама қалыпты ұстап тұратын қарапайым ағаш элементтерінің дайындамасы.</li> <li>3. Аражабын қорама қалыптарын, арқалықтарды, ұстындарды, мұзжарғыштарды, көпірлердің арқалықты аралықты және арка астындағы құрылымдарды бөлшектеу.</li> <li>4. Қорама қалыпты ұстап тұратын ағашты орнату жұмыстарын орындау.</li> <li>5. Ұстын қалыптарын, арқалықтарды, аражабын тақтайшаларын, қабырғалар мен арақабырғаларды,</li> </ol>

	<p>іргетастарды, массивтерді, қорап пен белағаш тіреулерін орнату.</p> <p>6. Құрғақ антисептиктеу.</p> <p>7. Жуынатын бөлмелерде ағаш конструкциялар мен бөлшектерді антисептикалық және оттан қорғау құраммен сіңірту.</p> <p>8. Домкрат жақтауларының кружалын, бігеуіштерді, сырғымалы қорама қалыпқа және жұмыс төсеміне арналған қалқандарды дайындау және орнату.</p> <p>9. Бойлық және көлденең люктары бар теңіз құрылыстарының массивтеріне арналған қорама қалып қалқандары мен қыры бар қорама қалыптың ірі панельді қалқандарын дайындау және жөндеу.</p> <p>10. Арка қалыптарын, күмбездерді, қабыршақтарды, резервуарларды, бактарды, бункерлерді, шиыршық камераларды, сорғыш және жеткізуші құбырларды, қорама қалыптарды ұстап тұратын ағаштарды бөлшектеу.</p> <p>11. Галерея қалыптарын, резервуарларды, бактарды, бункерлерді, ригельдерді, жоғары опарларды орнату жұмыстарын орындау.</p> <p>12. Аралығы 50 метрге дейін көпір кружалдарын жинақтау және орнату.</p> <p>13. Ауыспалы қима ұстынының көпқырлы және қисық сызықты қалыбын салу жұмыстарын орындау.</p> <p>14. Сорғыш және жеткізгіш құбырлардың және шиыршық камералардың тірек конструкцияларын үлкейтіп жинақтау.</p> <p>15. Аркалы көпірлер қалыбының бүйір беттеріндегі қалқандарды бұрандамалармен және тіреуіш кеесектермен орнату және бекіту.</p> <p>16. Күмбез қалыптарын, қабыршақтарды орнату жұмыстарын орындау.</p> <p>17. Аралығы 50 метрден асатын көпір кружалдарын жинақтау және орнына орнату.</p> <p>18. Кружал жақтауларын белгілеу үшін үлгілерді дайындау.</p> <p>19. Арка қалыптарының қораптарын жинақтау.</p> <p>20. Аралығы 15 метрден асатын құрылыс фермаларын және аркалықтарын жинақтау және орнату.</p>
	<p><b>Білімі:</b></p> <p>1. Ағаш материалдарын өңдеу тәсілдері.</p> <p>2. Қалыптың тура сызықты қалқандарын және сылаққа арақабырғаларды дайындау тәсілдері.</p> <p>3. Құрғақ антисептиктеу және жуынатын бөлмелерде ағаш конструкциялар мен бөлшектерді антисептикалық және оттан қорғау құраммен сіңірту тәсілдері.</p> <p>4. Қалыптың әртүрлі түрлерін құрастыру тәсілдері.</p> <p>5. Жауапты инженерлік құрылыстардың күрделі конструкцияларының түрлері.</p> <p>6. Жауапты инженерлік құрылыстардың аса күрделі конструкцияларының түрлері, конструкциялар мен қалыптың әртүрлі түрлерін құрастыру тәсілдері.</p> <p>7. Ірі көлемді элементтердің инвентарь үлгілерін дайындау тәсілдері.</p>

<p>Еңбек функциясы 3</p> <p>Жалпықұрылыстық жұмыстарды орындау.</p>	<p><b>Біліктері мен дағдылары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сылайтын арақабырғаларға арналған қарапайым қалқандарды дайындау.</li> <li>2. Ағаш конструкциялар мен бөлшектерге антисептикалық және оттан қорғау құрамдарын бояғыш пультпен және бүріккішпен жағу.</li> <li>3. Құрылыс құрал-саймандарын дайындау және жөндеу.</li> <li>4. Электрленген құралмен ағаш материалдарын өңдеу.</li> <li>5. Ағаш бөлшектер мен конструкциялардан күрделілігі орташа тұрғын және өнеркәсіп ғимараттарын жинақтау және монтаждау.</li> <li>6. Мауэрлаттар мен сүйенгіш итарқаларды дайындау, жинақтау, орнату, бөлшектеу және ауыстыру.</li> <li>7. Ағаш бұйымдарды темірбетон бөлшектеріне монтаждау поршенді пистолеттің көмегімен бекіту.</li> <li>8. Терезе мен есік қораптарын, балкон блоктары мен терезеасты тақтайларды орнату.</li> <li>9. Телескопиялық қорабы бар ламинатталған есіктерді, поливинилхлорид пен алюминий профильдерден жасалған терезе мен есік блоктарын орнату.</li> <li>10. Мансарда терезе блоктарын, шыныпакетті және үшқабатты шыныланған терезелерді орнату.</li> <li>11. Табақ болаттан жасалған есік блоктарын орнату.</li> <li>12. Қаңқалы қабырғаларды, едендер мен тақтай шатырларды жөндеу.</li> <li>13. Үңгімелермен, сынамен, шегеленген, бұрандалы және буатты қосылыстармен желімделген конструкцияларды дайындау.</li> <li>14. Аспалы итарқалар мен итарқалық фермаларды, сондай-ақ аралығы 15 метрге дейін арқалар мен арқалықтарды жинақтау және орнату.</li> <li>15. Бөренелер мен қырлы бөренелерден жасалған қабырғалардағы ойықтарды тесу және бігеу.</li> <li>16. Ағаш конструкциялар мен бөлшектерді антисептикалық және оттан қорғау құрамдармен компрессорлық қондырғының көмегімен сіңірту.</li> <li>17. Арқалық көпірлердің аралық құрылымдарын дайындау және жинақтау.</li> <li>18. Қырлы бөренеден жасалған ряждерді жинақтау және бөренеден жасалған ряждерді кесу.</li> <li>19. Діңгек көпірлер, көлбеулеп қойылған тіреуіштер, ригелдер, белағаштар, құлама жастықтар, таяныштар мен өртке қарсы алаң конструкцияларының элементтерін дайындау, салу және қою.</li> </ol>
	<p><b>Білімі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ағаштың негізгі түрлері және кемістіктері, электрленген құралдың құрылымы және оны қолдану ережелері.</li> <li>2. Төлелерді, тақтай төсемдерді, арақабырғаларды салу тәсілдері.</li> <li>3. Антисептикалық және оттан қорғау құрамдарды дайындау және оларды жағу ережелері, орама және дана жабындық материалдардың негізгі қасиеттері.</li> <li>4. Қарапайым төбелерді белгілеу және оларды жабындық материалдармен жабу тәсілдері.</li> </ol>



	<p>5. Ғимараттың ағаш бөліктерінің және ағаш конструкциялардың негізгі элементтері және олардың сапасына қойылатын талаптар.</p> <p>6. Қабырға қаңқаларын құру тәсілдері.</p> <p>7. Күрделі ағаш конструкцияларды, қосылыстар мен кертпелерді белгілеу және жасау тәсілдері.</p> <p>8. Жұмыс сызбаларын оқу ережелері.</p> <p>9. Ағаш конструкциялар орнатуда қолданылатын такелаж құрылғылардың құрылымы.</p> <p>10. Ағаш конструкциялар мен бөлшектерді антисептикалық және оттан қорғау құрамдармен компрессорлық қондырғының көмегімен сіңірту тәсілдері.</p> <p>11. Өрт, техникалық қауіпсіздігі ережелері.</p>	
Еңбек функциясы 4	<b>Біліктері мен дағдылары:</b>	
Балташылық жұмыстарды орындау.	<p>1. Ағаш сәулет өнерінің ескерткіштерін қалпына келтіру, бірегей объектілер құрылысы кезінде күрделі балташылық жұмыстарды орындау.</p> <p>2. Дайын үлгілер, сызбалар мен эскиздер бойынша ағаш кокошниктерді, маңдайшаларды, орамалдарды және басқа күрделі элементтерді дайындау және қалпына келтіру.</p>	
	<b>Білімі:</b>	
	<p>1. Аса күрделі балташылық бұйымдарды дайындау тәсілдері.</p> <p>2. Аса күрделі қосылыстар мен кертпелердің түрлері және оларды орындау тәсілдері.</p> <p>3. Өрт, техникалық қауіпсіздігі ережелері.</p>	
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Командада жұмыс істей білу Тыңғылықтылық	
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	7124	Ағаш шебері
	7124	Құрылыс ағаш шебері
<b>Кәсіптік стандарттың техникалық мәліметтері</b>		
Әзірленген	«MG-Build» ЖШС	
Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы	Нұсқа 1, 2014 жыл	
Болжалды қайта қарау датасы	2017 жыл	